«NEFTEK Оперейтинг» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес 2026 жылғы 16 наурыз бен 20 наурыз аралығында Бірыңғай экологиялық порталда (https://ndbecology.gov.kz/) № 25 АЖО-ның құрылыс алаңында қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. мекен-жайы: Атырау қаласы, «Солтүстік» өндірістік аймағы, 18/1 ғимарат».

Жобалық құжаттама пакетін Бірыңғай экологиялық порталдан табуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда (https://ndbecology.gov.kz/)) қабылданады.

## Назар аударыңыз!

Атырау қ., Бейбарыс даңғылы 167 мекен-жайындағы «Сұлтан Бейбарыс» ТЖқұрылысының кешіктірілуіне байланысты (тапсыру 2024 ж. жоспарланған), «TG Kyrurus» ЖШС және «Аркантор» компанияларымен шарт жасасқан барлық салымшыларды анықтау мақсатында іздеу жарияланады.

Егер сіз салымшы болсаңыз – 30 наурыз, 2026ж. дейін бастамашыл топпен байланысуыңызды сұраймыз. Ұялы тел.: +7 701 669 66677

**«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Мақат аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының директоры лауазымына конкурс жарияланады.**

Конкурсқа қатысушы үміткер кандидатуралар төмендегідей құжаттарды аудандық ауруханаға тапсыру қажет:

Фото 1 шт. 3х4
Жеке куәлік (көшірмесі)
Диплом, интернатура бітіргені туралы куәлік (көшірме)
Маман сертификаты (көшірме)
Соттылығы туралы анықтама,
Наркология және психдиспансерде есепте тұрмайтындығы жөнінде анықтама.
Медициналық анықтама + сан.книжка
Жеке іс парағы
Автобиография
Әскери билет немесе есепке алу кітапшасы
40 беттік файлды мұқаба.

Үміткерлердің құжаттары осы хабарлама жарияланған күннен бастап және 2026 жылғы 27 наурыз сағат 18.00-ге дейін: Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат кенті, Егемен 27 үй, 2 қатар, №86 бөлме,мекен-жайы бойынша қабылданады.

Конкурс бойынша толығырақ мәлімет алу үшін: 8/71239/3-10-98 телефоны арқылы хабарласуға болады.

**Лауазымдық міндеттері:**

Денсаулық сақтау ұйымының өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқарушылық шешімдерге, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады.

Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды. Көрсетілетін диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған персонал жұмысының жаңа ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың іс-қимылдарын көрсетілетін медициналық қызметтерді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына және өз тарапынан және оған бағынышты тұлғалардан сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға дербес жауапты болады.

Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру жөнінде шаралар қабылдайды. Ұйым қызметін талдау және оның жұмысының көрсеткіштерін бағалау негізінде ұйым жұмысының нысандары мен әдістерін жақсарту бойынша қажетті шараларды қабылдайды. Әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шартты әзірлеуді, жасасуды және орындауды, еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді, қызметкерлердің еңбек уәждемесін, бастамасы мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайларды зерделеу және бағалау жөніндегі жұмысты үйлестіреді, адам денсаулығына қолайсыз әсер етудің басым факторларын айқындайды. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша пәрменді шаралар қабылдайды.

Гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың жүргізілуін, санитариялық ережелер мен нормалар мен гигиеналық нормативтердің сақталуын жедел және зертханалық-аспаптық бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады.

Ұйым қызметінде, оның ішінде қаржы-шаруашылық басқару, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мәселелерінде медициналық этика, заңдылық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалармен келісімшарттар, мәмілелер жасайды. Өз құзыретіндегі мәселелер бойынша барлық қызметкерлер үшін міндетті өкімдер мен бұйрықтар шығарады.

Ұйымды мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта білдіреді. Медициналық этиканың, ішкі еңбек тәртібі талаптарының, аспаптарды, жабдықтар мен механизмдерді техникалық пайдаланудың орындалуын, өртке қарсы қауіпсіздік пен қауіпсіздік техникасының, санитариялық-эпидемиологиялық режимнің сақталуын қамтамасыз етеді. Ұйымның уақытылы есептілігін қамтамасыз етеді.

**Білуі керек:**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы;

қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері;
денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері;
басқарудың экономикалық әдістері және ұйым қызметін талдау;
медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасы;
денсаулық сақтаудағы адам ресурстарын басқарудағы үздік тәжірибелер;
халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын статистиканы, өлшемшарттар мен көрсеткіштері;
отандық медицинаның заманауи ғылыми жетістіктері; денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитариялық және өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары мен нормалары;
төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру;

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**

**Аудандық және қалалық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымының басшысы (директор немесе бас дәрігер):**

«Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандығы бойынша қайта дайындық туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік санаттарын беру туралы куәліктер; немесе «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық»; немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру «Денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес және құқық» дайындық бағыты бойынша; немесе MBA executive немесе full time дәрежесі денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификатының болуы, денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл;

медициналық қызметті (дәрігерлік практиканы) жүзеге асыру үшін – кәсіби құзыреттерінің болуы: дәрігердің біліктілігіне (бейіні бойынша) бірінші (жоғары) біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі, клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификаты.




## NCOC барлық мүдделі тараптарды «Экологиялық ортаны қорғау» бөлімі бойынша Қоршаған ортаға әсер етуге арналған экологиялық рұқсатына арналған өтінім құжаттарының жиынтығы. Теңіз кешені.» тақырыбындағы қоғамдық тыңдауға қатысуға шақырады.

Күні мен уақыты: 2026 жылы 08 сәуір, сағат 15:00

Өткізілетін орны: Атырау облысы, Атырау қ, Дамбы а.о., Дамбы ауылы, Мардан Арыстанов көшесі, 30. Мәдениет үйі.

Аумақтың географиялық координаттары: 46°26'13", 52°16'04".

Әсер ету аймағының географиялық координаттары:
Оңтүстік - 46°13' 43.963», 52°15' 40.657».
Батыс - 46°26' 34.977», 51°58' 47.734».
Солтүстік - 46°38' 0.968», 52°16' 14.398».
Шығыс - 46°26' 11.521», 52°33' 55.291».

Қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында төмендегі сілтеме бойынша онлайн қосылуға болады:

https://zoom.us/j/94299728820?pwd=WjsyZXrWDLraWKkB8vXDN3Y5Z9Wkb0.1

Конференция идентификаторы: 942 9972 8820

Кіру коды: 728223

Бастамашы: НКОК Н.В. (Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.), БСН 000241000874, филиал: Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 8-үй, тел.: +7 (7122) 92 27 03

Әзірлеуші: «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС Мекенжайы: Қарағанды к., Лобода көш., 40 үй, эл. пошта мекенжайы: info@ecoexpert.kz телефон: +7(7212) 42 56 17

«Sustainable ecology development» ЖШС Мекенжайы: Алматы к., Асқаров көш., 3 үй, эл. пошта мекенжайы: sed@sed.kz телефон: +7(7272) 47 23 23, +7(7272) 47 26 26, +7(7272) 47 26 36

Жобалық құжаттама https://ndbecology.gov.kz сайтында жарияланған.

Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертпелер мен ұсыныстарды Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына (Атырау қ,, Әйтеке би к., 77, atr_priroda@mail.ru, atr.priroda@atyrau.gov.kz) және Атырау облысы бойынша экология департаментіне (Атырау қ., Құлманов көшесі, 137, atyrau-ecodep@ecogeo.gov.kz) жолдауға болады.

ЖАО сайтына сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru

Қосымша ақпаратты Zhanat.Kozhan@ncoc.kz эл. адресі мен +7 (7122) 92 27 03 телефон нөмірі бойынша байланысып алуға болады.

**Атырау қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 3 наурыздағы №408 қаулысы**
**Жер учаскелерін мәжбүрлеп**
**иеліктен шығарудың**
**басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 84-баптарын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабын басшылыққа алып және «Қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 3 ақпандағы №06-02-24-03-10/226 хаты негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Вокзал және автобекет аумағындағы автокөлік жолын жаңғырту (реконструкция) жоспарлануына және басқа мүмкіндіктердің болмауына байланысты, Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі аумағында орналасқан қосымшаға сай (2 жер учаскесі) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Аталған жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2026 жылдың 31 желтоқсаны болып белгіленсін.

3. Келісім рәсімдерін жүзеге асыру үшін жер учаскесінің меншік иелеріне Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, №101-А мекенжайы бойынша орналасқан «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне хабарласу ұсынылсын.

4. Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жер учаскелері «Қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атына рәсімделсін.

5. «Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаулыны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

**Қала әкімі Ш.Кейкин**

Атырау қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 3 наурыздағы
№408 қаулысына қосымша

**Вокзал және автобекет аумағындағы автокөлік жолын жаңғырту (реконструкциясы) үшін жоспарлануына байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізімі**

| № | Меншік иесі | Орналасқан жері | Нысаналы мақсаты | Көлемі | Кадастрлық нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ахметова Акмарал Олжабаевна, Агиюев Рашид Илесович | Мұса Баймұханов көшесі, №64Д құрылыс | үй–жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,3956 га | 04-066-018-641 |
| 2 | «Altyn-bala.kz» ЖШС | Мұса Баймұханов көшесі, №64В құрылыс | үй–жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,2596 га ішінен 0,0445 га | 04-066-018-699 |

**Атырау қаласының жер қатынастары,**
**сәулет және қалақұрылысы**
**бөлімінің басшысы Ж.Жұмағалиев**

**Атырау қаласы әкімдігінің**
**2026 жылғы 3 наурыздағы №409 қаулысы**
**Жылкыбай Салихович Дюсовқа**
**берілген жер учаскесін**
**мемлекет мұқтажы**
**үшін мәжбүрлеп иеліктен**
**шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 84-баптарын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабын басшылыққа алып және «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 19 қаңтардағы №06-02-05-4/162 хаты негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Коммуналдық базар құрылысын салу жоспарлануына және басқа мүмкіндіктердің болмауына байланысты, Жылкыбай Салихович Дюсовқа (660904300912) пәтер үшін берілген Атырау қаласы, Іляс Жансүгіров көшесі, №39 мекенжайында орналасқан (04-066-012-141) көлемі 0,0505 гектар жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Аталған жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2026 жылдың 31 желтоқсаны болып белгіленсін.

3. Келісім рәсімдерін жүзеге асыру үшін жер учаскесінің меншік иесіне Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, №101-А мекенжайы бойынша орналасқан «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі ғимаратына хабарласу ұсынылсын.

4. Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жер учаскесі «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атына рәсімделсін.

5. «Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаулыны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

**Қала әкімі Ш.Кейкин**

## Сәулет жоспарлау тапсырмасын алу тәртібін білесіз бе?

Сәулет-жоспарлау тапсырмасы (СЖТ) – ғимарат немесе құрылыс нысанын жобалауды бастау үшін берілетін негізгі рұқсат құжаты. Бұл құжат жер телімінде қандай нысан салуға болатынын, оның параметрлерін, инженерлік желілерге қосылу талаптарын және қала құрылысы нормаларын айқындайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 бұйрығына сәйкес:

Мемлекеттік қызметті алу үшін 1 өтініш беруші «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетілетін қызметті берушіге жаңа құрылысқа арналған бастапқы материалдарды /сәулет-жоспарлау тапсырмасын (СЖТ) және техникалық шарттарды/ не қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) қайта жаңғыртуға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға), көтергіш және қоршау (сыртқы) конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды өзгертумен байланысты бастапқы материалдарды беру туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдайды және оған мынадай құжаттарды қоса береді:

**Жаңа құрылысқа арналған бастапқы материалдарды және СЖТ мен техникалық шарттарды алу үшін:**

1 Жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі (жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесінде тіркелмеген жағдайда);

2 осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама парағының электрондық көшірмесі (техникалық шарттар алу және/немесе жүктемені ұлғайту қажет болған жағдайда);

3 объектінің меншік иелерінің (ортақ меншік иелерінің) жоспарланып отырған өзгерістерге және олардың параметрлеріне жазбаша келісімі (қосымша жер учаскесін бөлуді талап етпейтін, қайта жаңғыртудан кейін екі қабаттан аспайтын, екі қабаттан жоғары емес жеке тұрғын үйлерді қайта жаңғырту кезінде);

4 егер жоспарланып отырған қайта жаңғырту олардың мүдделерін қозғайтын болса, өзгертілетін үй-жайлармен (үй бөліктерімен) жапсарлас орналасқан басқа үй-жайлардың (үй бөліктерінің) меншік иелерінің нотариат куәландырған жазбаша келісімі (қосымша жер учаскесін бөлуді талап етпейтін, қайта жаңғыртудан кейін екі қабаттан аспайтын, екі қабаттан жоғары емес жеке тұрғын үйлерді қайта жаңғырту кезінде).Тірек-қимыл аппараты бұзылған, кресло-арбамен қозғалатын адамдар үшін, егер өзгерістер тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз етуге байланысты болса, мұндай келісім талап етілмейді.

**Қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) қайта жаңғыртуға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға), көтергіш және қоршау (сыртқы) конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды өзгертумен байланысты бастапқы материалдарды алу үшін:**

1 егер өзгерістер кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне әсер ететін болса, пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің жалпы санының кемінде үштен екісінің жазбаша келісімінің электрондық көшірмесі немесе жиналыс хаттамасы (тірек-қимыл аппараты бұзылған, кресло-арбамен қозғалатын адамдар үшін, егер өзгерістер тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз етуге байланысты болса, талап етілмейді), Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы 40-бабының 3-тармағына және 42-1-бабының 1-тармағына сәйкес;

2 өзгертілетін үй-жайдың техникалық паспортының электрондық көшірмесі (болған жағдайда);

3 инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосымша қосылу және/немесе жүктемені ұлғайту қажет болған жағдайда сауалнама парағының электрондық көшірмесі;

4 егер қайта жаңғырту қосымша жер учаскесін бөлуді (қосу) көздейтін болса, жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі (жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесінде тіркелмеген жағдайда);

5 техникалық жобаның электрондық көшірмесі (құрамы мен мазмұны осы Қағидаларға 3-қосымшада баяндалған);

6 егер техникалық жобада жобалаушы жоспарланып отырған қайта жаңғырту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) немесе үй-жай шекараларын көшіру жапсарлас үй-жайлар меншік иелерінің мүдделеріне әсер ететінін көрсетсе, қосымша түрде жапсарлас үй-жайлар (үй бөліктері) меншік иелерінің нотариат куәландырған жазбаша келісімінің электрондық көшірмесі қоса беріледі. Тірек-қимыл аппараты бұзылған, кресло-арбамен қозғалатын адамдар үшін, егер өзгерістер тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз етуге байланысты болса, мұндай келісім талап етілмейді.Жапсарлас үй-жайлар (үй бөліктері) меншік иелерінің мүдделері, егер жоспарланған қайта жаңғырту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) немесе үй-жай шекараларын көшіру өзгертілетін үй-жаймен ортақ шекараға әсер етсе, сондай-ақ санитариялық, экологиялық, өртке қарсы жағдайлардың нашарлауына әкеліп соқтырса, ескеріледі. Өзге жағдайларда жапсарлас меншік иелерінің бас тартуына жол берілмейді.

**Сәулет жоспарлау тапсырмасын беру уақыттары.**

Техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі емес объектілердің құрылыс жобалары бойынша 1 мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

сәулет-жоспарлау тапсырмасын (СЖТ) және техникалық шарттарды беру – 9 (тоғыз) жұмыс күні;

жаңа құрылысқа арналған бастапқы материалдарды беру – 15 (он бес) жұмыс күні.

Техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілердің құрылыс жобалары бойынша 1 мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

сәулет-жоспарлау тапсырмасын (СЖТ) және техникалық шарттарды беру – 15 (он бес) жұмыс күні;

жаңа құрылысқа арналған бастапқы материалдарды беру – 17 (он жеті) жұмыс күні.

Қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) қайта жаңғыртуға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға), көтергіш және қоршау (сыртқы) конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды өзгертуге байланысты бастапқы материалдарды беру бойынша 1 мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – өтініш берілген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні.

1 мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту мерзімі – 5 (бес) жұмыс күні.

Қорытындылай келе, сәулет-жоспарлау тапсырмасын алу – кез келген құрылыс нысанын заңды түрде жүзеге асырудың алғашқы әрі маңызды кезеңі. Бұл рәсім жер телімін мақсатты пайдалану талаптарын сақтауға, қала құрылысы нормаларына сәйкестікті қамтамасыз етуге және болашақ жобаның техникалық параметрлерін нақтылауға мүмкіндік береді.Құжаттарды дұрыс әрі толық тапсыру өтініштің уақтылы қаралуына және оң шешім қабылдануына ықпал етеді.Осылайша, сәулет-жоспарлау тапсырмасын алу тәртібін білу – құрылыс саласындағы кез келген жеке немесе заңды тұлға үшін аса қажет. Заң талаптарын сақтау сапалы, қауіпсіз және тиімді құрылыс жүргізудің кепілі болып табылады.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Eco Counter» ЖШС контейнерлік үлгідегі қалдықтарды қайта өңдеуге арналған мобильді ғимараттар мен құрылыстар кешені бойынша 2026–2035 жылдарға арналған РООС, НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ жобаларына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Нүктелер координаттары:
47° 8'58.72» с.е.
51°51'46.74» ш.б.
47° 8'57.71» с.е.
51°51'45.72» ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 10 сәуірде сағат 16:30-да мына мекен-жай бойынша өтеді: Sultan Palace, Атырау қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 70-үй, Атырау облысы.

Тыңдаулар офлайн форматта өткізіледі, сондай-ақ Microsoft Teams платформасы арқылы бейнеконференция режимінде онлайн қатысу мүмкіндігі қарастырылған.

Жиналысқа қосылу сілтемесі:
https://teams.microsoft.com/meet/32479672626814?p=Wkcz3k5swhpXTaBG8D
Жиналыс идентификаторы: 324 796 726 268 14
Құпия код: GU6sf93y
Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы:
«Eco Counter» ЖШС
Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Қошанай массиві, 22-құрылыс, пошталық индекс 130500.

Ескертулер мен ұсыныстар llp.ecocounter@gmail.com электрондық поштасына қабылданады.

Қоғам өкілдері қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы қосымша ақпаратты 8 701 621 41 76 телефоны арқылы ала алады.

Жоба әзірлеуші:
ЖК Мусаева

Мекенжайы: Атырау қаласы, Жерұйық ықшамауданы, 8-көше, 3-үй.
Байланыс тұлғасы: Мусаева К.
Ұялы тел.: 8 778 406 06 70
E-mail: e.korchunova@mail.ru

Жоба материалдары «НБД СОС и ПР» ақпараттық жүйесінде орналастырылған: https://hearings.ndbecology.gov.kz/

Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы
Мекен-жайы: Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77
E-mail: atr_priroda@mail.ru
Тел.: 8 (7122) 32-55-09